

Қазақ тілі және әдебиеті бірлестігі

«Бекітемін»

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін

мектебінің директоры:
Ж.Жансеитова

« 25 » 08. 2021жыл

Қазақ тілі мен әдебиеті пән әдіс бірлестігінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Тақырыбы: Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушыларға Сын тұрғысынан ойлауды дамыта отырып, шығармашылыққа баулу.

Мақсаты:

Мұғалімдердің педагогикалық және кәсіби шеберлігімен Сын тұрғысынан ойлауды дамыта отырып, оқушылардың ойын, көзқарасын еркін айта білуге, шығармашылық ізденіске, жүйелеп жазуға, пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы білімдерін көтеру

Міндеттері:

- Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, насихаттау, тарату;
- Дарынды балаларды олимпиадаларға, ғылыми жобалар байқауына дайындау;
- Оқытудың мазмұнын анықтау;
- Оқушылардың сауаттылығын жетілдіру;
- Жаңа технологияларды кеңінен қолдану;
- Оқу-тәрбие процесінде шығармашылық жұмыстарды кеңінен қолдану;
- Мектепшілік, облыстық, республикалық деңгейдегі пәндік олимпиада, байқауларға қатысу.

Күтілетін нәтиже:

-Озық педагогикалық тәжірибелерді зерттейді, үйренеді, ендіреді;

-Мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін, кәсіби деңгейін арттыру арқылы сапалы білімге қол жеткізеді;

-Ерекше қабілетті оқушыларды анықтап, қабілетіне қарай шығармашылыққа баулиды;

Қазақ тілі мен әдебиеті пән әдіс бірлестігінің 2021-2022 оқу жылындағы жылдық жоспары

Атқарылатын іс-шара мазмұны	Мақсаты	Орындалу мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже	Өту формасы	Рәсімделуі
Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің жұмысына талдауы	Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің жұмысына талдау жасау	тамыз	А.Калауова	Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің жұмысына талдау жасалынады	ӘБ отырысы	Мәтін-дік есеп
2021-2022 оқу жылының әдістемелік пән бірлестіктің жоспарымен танысу	2021-2022 оқу жылының әдістемелік пән бірлестіктің жоспарымен таныстыру	тамыз	А.Калауова	ҰБТ қорытындысына талдау	ӘБ отырысы	маниторинг
2021-2022 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен танысу	Оқулықтар мен оқу бағдарлама ларының нормативтік талаптарға сәйкестігі,бағдарламалық талаптарын реттеу	тамыз	А.Калауова	Оқулықтар мен оқу бағдарлама ларының нормативтік талаптарға сәйкестігі,бағдарламалық талаптары реттеледі	ӘБ отырысы	Хаттама
Пән бойынша	Пән бойынша күнтізбелік-	тамыз	А.Калауова	Пән бойынша күнтізбелік-	ӘБ	Хаттама

күнтізбелік- тақырыптық жоспарлар, вариативті сағаттарға жасалған бағдарламалар- мен танысу, реттеу	тақырыптық жоспарлар, вариативті сағаттарға жасалған бағдарламаларды талқылау			тақырыптық жоспарлар, вариативті сағаттарға жасалған бағдарламалар бекітіледі	отырысы	
Оқу кабинеттерінің2021- 2022 оқу жылына дайындық деңгейі	Оқу кабинеттерінің 2021-2022 оқу жылына дайындық деңгейін анықтау	тамыз	Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары . ӘБ жетекшісі	Оқу кабинеттерінің2021-2022 оқу жылына дайындық деңгейін анықталып құжаттары дайындалады	ӘБ отырысы	Хаттама
5-11-сынып оқушыларынан қазақ тілі пәнінен бақылау қимасын алу, қорытындысын шығару	Оқушылардың жазу сауаттылығы мен білім сапасын тексеру	Қыркүйек	Пән мұғалімдері	Оқушылардың жазу сауаттылығы мен білім сапасын тексеріледі	ӘБ отырысы	сараптама
5-сынып оқушыларының оқу сауаттылығы деңгейі	5-сынып оқушыларының оқу сауаттылығы деңгейін анықтау	қыркүйек	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі	5-сынып оқушыларының оқу сауаттылығы деңгейін анықтау	ӘБ отырысы	сараптама
Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс	Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстың жоспарын құру	қыркүйек	Пән мұғалімдері	Дарынды, үлгермеуші оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын құру	ӘБ отырысы	жоспар

Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс	Үлгермеуші оқушылармен жүргізілетін жұмыстың жоспарын құру	қыркүйек	Пән мұғалімдері	үлгермеуші оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын құру арқылы жүйелі жұмыс атқарылады	ӘБ отырысы	жоспар
ҚР халықтары тілдері мерекесіне арналған апталықты өткізу	Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру	қыркүйек	Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері ПӘБ	Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыра отырып, мектепшілік түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады	Сынып жетекші-лері бірлестігі отырысы	мәлімет
Мемлекеттік емтиханға,ОЖСБ-ға дайындық деңгейі	9-11 сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстың жоспарын құру	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	Жоспар құру арқылы жүйелі жұмыс атқарылады	ӘБ отырысы	жоспар
Іж.ж бойынша ашық сабақтар , коучинг	Тәжірибе алмасу,шеберліктерін шыңдау	Кесте бойынша	Пән мұғалімдері	Тәжірибе алмасу,шеберліктерін шыңдай отырып, озық іс-тәжірибелері таратылады	ӘБ отырысы	Сабақ әзірлемелері
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша І тоқсан қорытындысы	Оқушылардың білім сапасын анықтау	қараша	А.Калауова	Оқушылардың білім сапасы анықталады	ӘБ	мониторинг

			Пән мұғалімдері		отырысы	
Мектепшілік пән олимпиадасы материалдарын дайындау	Дарынды балаларды анықтау дайындық кестесін құру	қараша	Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары	Дарынды балалар анықталады	ӘБ отырысы	Дайын-дық жүргізу кестесі
I жарты жылдық бойынша сынақ материалдарын дайындау	I тоқсан барысында алған білімдерін тексеру	желтоқсан	Пән мұғалімдері	Ітоқсан барысында алған білімдерін тексеріп қорытынды жасалады.	ӘБ отырысы	Сынақ материалдары
Қазақ тілі мен әдебиет пән айлығын өткізу	Тәжірибе алмасу, шеберліктерін шыңдау	қаңтар	А.Калауова Пән мұғалімдері	Тәжірибе алмасу,шеберліктерін шыңдай отырып, озық іс-тәжірибелері таратылады	ӘБ отырысы	мәлімет
Оқу жылының I жарты жылдықтағы білім сапасы	Оқу жылының I жарты жылдықтағы білім сапасына талдау	қаңтар	А.Калауова	Оқу жылының I жарты жылдықтағы білім сапасына талдау жасалады.	ӘБ отырысы	Монито-ринг

Пән бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі	Мұғалімнің сабақ жүргізу тәсілі,үлгерімі төмен оқушымен жүргізген жұмыс жүйесін тексеру	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Мұғалімнің сабақ жүргізу тәсілі,үлгерімі төмен оқушымен жүргізген жұмыс жүйесі тексеріліп, сараптама жасалады.	ӘБ отырысы	мәлімет
Мемлекеттік емтиханға,ББЖМ -ға дайындық жұмыстарының барысы	Мемлекеттік емтихан, ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының жүргізілуін қадағалау	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Оқу жетістіктерін сырттай бағалауға дайындық жұмыстарының жүргізілуі қадағаланады.	ӘБ отырысы	мәлімет
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қолданбалы,таңдау курстарының жүргізілу жайы	Қолданбалы,таңдау курстарының жүргізілу жайын тексеру	ақпан	Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары	Қолданбалы,таңдау курстарының жүргізілу жайы тексеріледі.	ӘБ отырысы	мәлімет
Оқушылардың ББЖМ-ға дайындық деңгейін анықтау	ББЖМ дайындық жұмыстарын қадағалау,пәндер бойынша сынама тестілеу	ақпан	Директордың бейіндік оқыту жөніндегі	ББЖМ дайындық жұмыстарын қадағалау мақсатында,пәндер бойынша сынама тестілеу	ӘБ	мәлімет

	өткізу,сабақтарға қатысу		орынбасары	өткізіледі, сабақтарға қатысады.	отырысы	
11- сынып оқушыларының әдістемелік күні	Мемлекеттік емтиханға,дайындық деңгейлерін анықтау	наурыз	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейлері анықталады	ӘБ отырысы	хаттама
9- сынып оқушыларының әдістемелік күні	Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейі	сәуір	Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары	Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейі анықталады	ӘБ отырысы	хаттама
Емтихан материалдарын дайындау,талдау	Емтихан материалдары-ның оқу бағдарламасына сәйкестігін бақылау	сәуір	А.Калауова Пән мұғалімдері	Емтихан материалдары-ның оқу бағдарламасына сәйкестігі тексеріледі	ӘБ отырысы	мәлімет
Үлгерімі төмен оқушылармен сабақ уақыты мен сабақтан тыс уақытындағы жеке жұмысты ұйымдастыру	Мұғалімдердің тақырыпты игермеген оқушылармен жүргізілген жұмысының қорытындысын талдау	сәуір	А.Калауова Пән мұғалімдері	Мұғалімдердің тақырыпты игермеген оқушылармен жүргізілген жұмысының қорытындысына талдау жасалынады	ӘБ отырысы	мәлімет
4-сынып оқушыларының	4-сынып оқушыларының оқу,жазу сауаттылығы	сәуір	Пән мұғалімдері	4-сынып оқушыларының оқу,жазу сауаттылығы деңгейі	ӘБ отырысы	мәлімет

оқу, жазу сауаттылығы деңгейі	деңгейін бақылау			анықталады		
Пән бойынша жылдық сын жұмысының қорытындысы	Оқушының білім деңгейін анықтау	мамыр	А.Калауова.	Оқушының білім деңгейі анықталады	ӘБ отырысы	маниторинг
II жарты жылдықтағы білім сапасына талдау	Пән бойынша білім сапасын зерделеу	мамыр	А.Калауова Пән мұғалімдері	Пән бойынша білім сапасы зерделенеді	ӘБ отырысы	Маниторинг

Бірлестік жетекшісі: **Калауова Агира Кураловна**

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті

пәндері бірлестігінің отырысынан

Хаттама №1

Тамыз 25. 2021 ж

Қатысқаны — 7

Қатыспағаны —3

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік бірлестіктің 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстарына талдау
2. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмысын жоспарымен таныстыру, талдау
3. Мұғалімдердің тақырыптық-күнтізбелік жоспарларын, сағат жүктемелерін талдау
4. Ақылы және ақысыз кабинеттердің 2021-2022 оқу жылына дайындығын тексеру қорытындысы
5. ҰБТ және ОЖСБ-ға оқушыларды дайындау, жоспарын қарау

Тыңдалды :

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Калауова хабарлама жасады. Онда 2020-2021 оқу жылында әдістемелік бірлестік мүшелерінің атқарған жұмыстарына талдау жасады.

2020-2021 оқу жылында әдістемелік бірлестік мүшелерінің аудандық сайыстарда қол жеткізген жетістіктері туралы және оқушылардың аудандық пән олимпиадасының жеткен жетістіктері туралы кеңінен атап өтті.

Аудандық оқушылардың пән олимпиадасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 11 — сынып оқушысы Әділ Жанерке жүлделі 2 орынды иеленді. Мұғалімі : Жүнісова Д.

Аудандық «Ғылыми жоба» байқауының әдебиет секциясында 10- сынып оқушысы Тұрғынбек Лаура ІІІ орынға ие болды.

Аудандық Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай жастар арасында шығармашылық қабілеттерін ,ақынның өлеңдері мен қара сөздерін оқыту,өнерге деген құштарлығын арттыру мақсатында «Абай — дана,Абай — дара қазақта! » атты өнер сайысында ІІ орын иеленген 11 сынып оқушысы Айту Еркебұлан .жетекшісі Калауова А. «Өлең – сөздің патшасы» сайысының ІІ орын иесі 8 –сынып оқушысы Тастан Толқын .жетекшісі Абдразақова Л

«Абай оқулары» байқауының «Көңілім әнді ұғады» номинациясы бойынша 8 сынып оқушысы Жауғаш Арайлым ІІ орын алды.

Аудандық пән олимпиадасында 9- сынып оқушысы Жұмабек Назерке 3 орынға ие болды. Мұғалімі: Жүнісова Д

Аудандық «Пән олимпиадасы- 2021» байқауында қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Т.Тұрлыбекова жүлделі 3 орынға ие болды.

Қазақ поэзиясының алыбы Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Мұқағали оқулары» атты сайыста ақынның әндер байқауы бағыты бойынша жүлделі орынға ие болған 11-сынып оқушысы Жауғашова Аруана Сабырқызы марапатталды .Жетекшісі Калауова А.

Бірлестікте 12 ақпан күні кезекті аудандық семинар бағдарламасы, Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудағы интербелсенділік және оқуды бағалау үдерісі тақырыбында алынып, сабақ мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша критериалды бағалау және оқу үдерісін жақсарту мақсатында өзгерістерді іс жүзінде қолдану болды. Онлайн семинарға 47 мектеп пән мұғалімдері қатысып сабақ ZOOM арқылы өтті. Семинар соңында әдіскер Мамықова Нағима сөз алып семинардың жоғары деңгейде өткендігін атады. Семинарда бірлестік мүшелеріне пән мұғалімдері Калауова А., Жүнісова Д., Үсенова А., Тасыбекова Г. апайларымызды Аудандық білім бөлімінің Алғыс хатына ұсынды. Жарыс сөзге шыққан Г. Бейсебаева мен Ж. Абилова апайларымыз еліміздегі қиын кезеңде осылай техникалық жабдықтарды пайдалана отырып өз еңбектерін басқа мектептердегі әріптестеріне көрсете білген бірлестігімізге алғыстарын білдірді.

2017-2021 оқу жылдар аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан 8 мұғалім өтіп, сертификаттарын алып келді. 2021 жылдың қазан айында бірлестік мүшесі А. Калауова облыстық педагог кадрлардың білімін жетілдіру және қайта даярлау институтында «Бағдарлы оқыту жағдайында білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негізі» тақырыбында білімін көтеріп, сертификатын алып келді.

ҰБТ қорытындысы бойынша қазақ әдебиеті пәнінен (таңдау) 11 сынып оқушыларынан Самат Айгерім 111 балл, Нәлібай Еркежан 103 баллмен филология факультетін таңдап М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне, оқушыларымыз оқуға түсті.

2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарын бірлестік жетекшісі таныстырып өтті. Биылғы оқу жылында бірлестіктің жүргізілетін шығармашылық тақырыбы «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мәнерлеп оқу мен жолдарын үйрету» мен мақсаты; Көркем шығармадағы поэзияны оқыту арқылы оқушылардың рухани мәдениетін жоғарылатып, болашақта көкірегі ояу адамгершілігі мол тұлға етіп тәрбиелеуді түсіндіріп өтті.

Үшінші мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған пән мұғалімдерінің тақырыптық-күнтізбелік жоспары қаралды. Тақырыптық — күнтізбелік жоспарлар қазақ тілі бойынша 5-сынып «Арман ПВ» баспасынан шыққан С. Ч. Тұрсынғалиева, Р. Зайкенованың оқулығы негізінде жасалған. 6 сынып жоспары «Арман ПВ» баспасы Т. Н. Ермакова, Ж. К. Отарбекова, Г. Б. Тоқтыбаеваның оқулығы негізінде жасалған. Ал 7-сынып жоспары «Арман ПВ» баспасы шығарған бойынша жасалды. 8 сынып жоспары «Арман ПВ» баспасынан шыққан Т. Н. Ермакова, Ш. Л. Ерхожина, А. Е. Тоқтыбаеваның 11-сыныптарда гум. бағыт авторлығы бойынша Мунасаева, Байкенова, Ермакованың оқулығы негізінде жасалды. Жаратылыс-математикалық бағытта 11-сыныптар үшін Байкенова, Сәкенова, Нұрланованың оқулығы негізінде жасалған.

9 сынып бойынша «Арман ПВ» баспасынан шыққан Р. Әмір, М. Атабаева, 10 сынып «Арман ПВ» баспасынан шыққан Н. Уәли, Ө. Қыдырбаев авторлығымен жасалынған.

Оқу жоспарының вариативті бөліміндегі сабақтар біздің бірлестікке мектеп бұйрығымен берілген жоқ.

Пән мұғалімдерінің сағат жүктемесі әр мұғалімнің келісімімен, бірлестік жетекшісімен бірлесе отырып бөлінді.

Жүнісова Дариха 18 сағат Исабаева Гулнара 20 сағат

Калауова Агира 20 сағат Турлыбекова Тұрсынкул 12 сағат / үйде оқыту/

Жансеитова Жанар 8 сағат Мырзагелдиева Алима 12 сағат /үйде оқыту/

Абдразакова Лаура 20 сағат Сүттібаева Ұлбосын декретте

Тасыбекова Гулбахра 20 сағат Үсенова Айгул декретте

Жоғарыда көрсетілген сағат жүктемелері мен жасалынған тақырыптық-күнтізбе жоспарларының бағдарламалары талқыланып қаралды.

Төртінші мәселе бойынша ақылы және ақысыз кабинеттерді тексеру қорытындысы айтылды.

Мектептегі №20 кабинет меңгерушісі: Исабаева Г. – ақылы

№ 8 кабинет меңгерушісі: Абдразакова Л — ақылы

Кабинеттердің рұқсат акт қағазы,паспорты бар. Кабинеттің жылдық,даму жоспарлары жасалынған.Кабинеттер қосымша әдебиеттермен,карточкалармен толықтырылған.

Осы ақылы кабинеттер 2021-2022 оқу жылында ақылы кабинеттерге лайық деп танылып отыр.

Бесінші мәселе бойынша ҰБТ және ОЖСБ –ға оқушыларды дайындау үшін әр мұғалімнің дайындап келген жылдық жоспарлары қаралып, талқыланды.

Жарыссөзге шыққан Жүнісова апай өзі сабақ беріп жүрген 11-сыныптарда оқу сауаттылығын меңгертуде оқушыларға берілген мәтінді түсініп оқу мен сұрақтарды түсініп білуіне назар аудару керектігі мен оқу сауаттылығынан қосымша сабақ кестесін түзу керек екендігін айтты. Бірлестік жетекшісі Калауова Агира апай ҰБТ мен ББЖМ-ға дайындық барысындағы ұйымдастыру іс-шара жоспарын түзу ,оқу сауаттылығы бойынша кәтемен жұмыс жүргізу арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізетіндігімізді атады

Отырыс қаулы етеді:

1. Әдістемелік бірлестіктің 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.
 2. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарының төңірегінде жұмыс мақсаты айқындалып жүргізілсін.
 3. 2021-2022 оқу жылына арналған пән мұғалімдерінің тақырыптық-күнтізбелік жоспарларын бекіту мектеп әкімшілігінен сұралсын.
 4. № 8,20 кабинеттері ақылы кабинет болуға ұсыну комиссия мүшелерінен сұралсын.
 5. ҰБТ мен ББЖМ –ға оқушыларды дайындаудың жылдық жоспары қаралды деп есептелсін.
- Бірлестік төрайымы: Калауова А.

Хатшысы :

Тасыбекова

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті

пәндері бірлестігінің отырысынан

Хаттама №2

Шарбұлақ е.м.

11.09.2021ж.

Қатысқан мұғалімдер : 7

Күн тәртібінде:

1. Қашықтықтан оқу кезінде пәндер бойынша оқу мақсаты күрделі болған, оқушыларға қиын болған тақырыптар жайлы. Баяндамашы : Калауова А
2. Оқу жылы басында алынған пәндер бойынша диктант/ жазба / жұмысының қорытындысына сәйкес білім сапасы төмен болған сыныптар және оның себептері. Баяндамашы: Д.Жүнісова

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ПӘБ жетекшісі Калауова А.К. өткен оқу жылында қашықтықтан оқыту кезінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде оқу мақсаттары күрделі болғандығын пән мұғалімдерімен ортаға салды. Берілген мәтіндерде ережеге сәйкес келетін тапсырмалардың дұрыс болмауы, сөйлемдерді талдау кезінде көп қиындық туғызды.

Екінші мәселе бойынша сөз алған пән мұғалімі Жүнісова Дариға апай оқу жыл басында алынған диктант /жазба/ жұмыстарындағы қателіктер, қорытындыға қарай білім сапасының төмендігін 5-11 – сыныптарда орта балл көрсеткіші 3,3%, білім сапасы 49% құрады. білім сапасының төмен болу себебі; ғаламтор желісінің нашарлығынан. Берілген тапсырма оқушыға кеш жетеді, түсініп орындап жіберілген тапсырма кешігу салдарынан. Ушының тиісті стандартты игеруі осындай түрлі себептерге байланысты төмендеген. Оқушылардың білім сапасын көтеруде, оқушының білімін жүйелі тексеріп, бақылап отыру жауапкершілікке, үнемі көркем жазуға, өз көзқарасын жаза білуге дағдыландыру мұғалімдерге жүктелді

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қашықтықтан оқу кезінде ІІ тоқсанда пәндер бойынша оқу мақсаты

күрделі болған, оқушыларға қиын болған тақырыптардың орнын толтыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.

2. Аталған кемшіліктерді жою пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Бірлестік төрайымы :

А.Калауова

Хатшы:

Г.Тасыбекова

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті

пәндері бірлестігінің отырысынан

Хаттама №1

Шарбұлақ е.м.

қараша 05. 2021 ж

Қатысқаны – 8

Күн тәртібінде:

1. I тоқсан қорытындысы мен №1 ТЖБ қорытындысы
2. 5,6- сыныптардан қазақ тілінен алынған жазба жұмыстарының қорытындысы .
3. ББЖМ-ды ұйымдастыру,өткізу жұмыстарының іс-шаралар жоспарын талдау
4. ҰБТ-ге байланысты алынған тесттер нәтижесін талдау
5. Мектепшілік оқушылар олимпиадасының материалдарын дайындау.
6. «Мұғалімнің кәсіби шығармашылығын арттыру , сапалы білім беру, саналы тәрбие берудің алғы жолы- кемел білім мен ғылымда»

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша I тоқсан қорытындысы мен БЖБ және ТЖБ қорытындысы туралы бірлестік жетекшісі хабарлама жасады. Биылғы 2021-2022 оқу жылының I тоқсаны бойынша қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша білім сапасы мен үлгерім сапасына тоқталды. Қазақ тілінен 10,11- сыныптарда жаратылыс –математикалық бағытта аптасына бір сағат болатындықтан 1- тоқсанға баға қорытылмайды.

1-тоқсанда қазақ тілі пәні бойынша жоғары білім сапасын көрсеткен сыныптар 6 сынып,білім сапасы 84 %,Ал қалған сыныптар 5-сынып 45 % , 7-сынып 52,4% , 10 сынып - 57,1%, 11 сынып 60% білім сапасын көрсеткен.Жаман жетістік емес.

Қазақ тілінен жоғары білім сапасын көрсеткен сыныптар 6 білім сапасы 84%, 8 сынып- 77%.

5-сынып 45%, 10 сынып 57%(қазақ әдебиеті)

Қазақ тілінен 7 сынып 52,4%

Қазақ тілінен 10 сынып 71,4%, 11 сынып 40%

Қазақ әдебиеті пәнінен 5 сынып 54%, 6 сынып 92%, 8 сынып 77%

Қазақ әдебиеті пәнінен 11 сынып 60%

Қазақ әдебиеті пәнінен 7 сынып 52,4 % , 9 сынып 53,8%

Қазақ тілі пәнінен ТЖБ қорытындысы бойынша білім сапасын көрсеткен сыныптар 5 — сынып,78% білім сапасы , 6 — сынып ,білім сапасы81% , 7 – сынып , білім сапасы76% , 8 — сынып, білім сапасы83% , 9 — сынып , білім сапасы80% , 10 — сынып, білім сапасы81% , 11- сынып , білім сапасы85% ,

Екінші мәселе бойынша 5-6 сынып оқушыларынан алынған жазба жұмыстарының нәтижесі жаман емес. 5 — сыныптың қазақ тілінен білім сапасы -78 % , 6 —сыныптың қазақ тілінен сапасы -79 %, ал үлгерім сапасы100 %.

Үшінші мәселе бойынша 9 сынып оқушыларын ОЖСБ –ға дайындау жайлы айтылды . Оқушыларды уақтылы дайындыққа шақырып тұру керектігі ескертілді. дайындық барысында оқу сауаттылығының көрсеткішін апта сайын тексеріп, нәтижені бақылап отыру керек екендігін тиянақталды.

ҰБТ –ға дайындық барысында 11 сынып оқушыларынан тесттер алынды. 1 тесттің қорытындысы бойынша қазақ тілі пәнінен білім сапасы – 68 пайыз берген. 2- тесттің нәтижесі бойынша білім сапасы 79 пайыз көтерілген.

Бесінші мәселе бойынша мектепшілік олимпиаданың өтілуіне байланысты пән мұғалімдері материалдар дайындау керектігі айтылды. Әр негізгі пән бойынша оқушылар қамтылуы қатаң ескертілді. Оқушыларды үздіксіз дайындауды тапсырды.

Алтыншы мәселе бойынша қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жүнісова Дариха апайымыз «Мұғалімнің кәсібилігі сапалы білім саналы тәрбие берудің алғы жолы- кемел білім мен ғылымда» тақырыбында баяндама жасады. Онда оқушыларға терең білім мен ғылымды ұштастыра білудің маңыздылығы айтылған..

Жарыссөзге шыққан пән мұғалімі Абдразақова Лаура апай ҰБТмен ОЖСБ дайындығында оқушыларды пән мұғалімдеріне бөліп беруді ұсынып , сабақ беруші мұғалімдерге көмек беруді сұрады:

Отырыс қаулы етеді:

ТЖБ қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Білім сапасын жоғары көрсеткен пән мұғалімдері 6- сынып ,білім сапасы 84 % 8 сынып 77%, 10 — сынып,білім сапасы -71,4% 11 сынып 60% еңбектері атап өтілсін.

1. ҰБТ мен ББЖМ –ға дайындық барысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. «Мұғалімнің кәсібилігі сапалы білім саналы тәрбие берудің алғы жолы- кемел білім мен ғылымда» баяндама материалдары пән мұғалімдерінің сабағында үнемі көрініс табуы қолға алынсын. Бірлестік төрайымы : Калауова А.
Хатшысы : Тасыбекова Г.

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пән әдіс бірлестігінің отырысынан

ХАТТАМА №4

Желтоқсан 28.2021 жыл

Қатысқандар :8 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. Тәжірибе алмасу ,шеберліктерін шыңдау.
2. Мектепшілік пән олимпиадасы материалдарын дайындау,аймақтық пән олимпиадасына дарынды баланы тағайындау
3. II тоқсан қорытындысы мен ТЖБ қорытындысы
4. ҰБТ дайындық тесттерін талқылау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі сөз алып ,Қазіргі қоғамда оқу-тәрбие жұмысын жүргізуші маман педагог ұстаз деп аталады.Дегенмен, ұстаз ұғымы арнаулы білім, қажетті құжатқа байланысты емес. Үлгілі, өнегелі, өмір тәжірибесі бай адам ғана ұстаз бола алады. Ұжымда, басқа да әріптестермен тәжірибе алмасу,өз шеберлігін арттыруда тынбай еңбектену керек екендігін айтып өтті . Әріптестерінің сабақ өтудегі әдіс-тәсілдерін өз сабағында қолданып тәжірибе жасау керек.

Екінші мәселеде мектепшілік пән олимпиадасына материалдар дайындау жайлы айтылды.Пән мұғалімдеріне олимпиадаға дайындалған материалдарын бірлестікте қарап талқыланды. Әдістемелік нұсқауға сүйене отырып,оқу мақсатынан ауытқушылық болдырмауды талқылады.Мектепшілік пән олимпиадасында дайындалған материалдарды толық меңгерген оқушыларымыз 8-сынып оқушысы Кәдір Аяна, 9-сынып оқушысы Жұмабек Назерке, 10-сынып оқушысы Тастан Толқын, 11-сынып оқушысы Әділ Аружан болды.

II тоқсан қорытындысы бойынша барлық 5-11 сыныптардан толық екі бжб мен тжб алынып қорытылды. Қорытылмай қалған оқушы болған жоқ.Үйде денсаулығына байланысты оқитын оқушылар өз деңгейіне қарай бжб мен тжб сынақтары алынып тоқсан қорытылды.Жалпы мектеп бойынша 5-сыныптардың қазақ тілі білім сапасы 80 % әдебиеттен 87%

6-сыныптардың қазақ тілі білім сапасы 84 % әдебиеттен 85%

7-сыныптардың қазақ тілі білім сапасы 68% әдебиеттен 80%

8-сыныптардың қазақ тілі білім сапасы 75% әдебиеттен 80%

9-сыныптардың қазақ тілі білім сапасы 83% әдебиеттен 85 %

10-сыныптардың қазақ тілі білім сапасы 87% әдебиеттен 85%

11-сыныптардың қазақ тілі білім сапасы 85% әдебиеттен 88 % сондай-ақ, ҰБТ сынама тест алынып ,оқу сауаттылығының нәтижесі жоғары болып қазақ тілі мен әдебиетін таңдаған Ордабек Дана оқушымыз 108 балл жинады.

Қаулы:

Тәжірибе алмасу ,шеберліктерін шыңдай отырып, А.Калауованың озық іс-тәжірибесі облыс көлеміне ұсынылсын.

Мектепшілік пән олимпиадасының материалы дайындалып, дарынды оқушы анықталсын.

II тоқсан қорытындысы білім сапасы «қанағаттанарлық» деп табылсын.

Бірлестік төрайымы:

Калауова А.

Хатшысы :

Тасыбекова Г.

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пән әдіс бірлестігіндегі І жартыжылдықта атқарған жұмыстары жайлы есебі

Қазақ тілі мен әдебиеті пән әдіс бірлестігінде 2021-2022 оқу жылында әдістеме бірлестігінде 10 мұғалім бар. Жоғары білімді, педагог -зерттеуші- 1, педагог -сарапшы- 1, педагог-бмодератор-.Жаңартылған білім мазмұны курсынан өткен 8 мұғалім. Мұғалімдерді ӨНХ өзгерістермен таныстырып , қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың негізгі міндеттерін, оқу нормативтері бойынша ұсынымдамалар, мәнерлеп оқу,логикалық екіпінді ең маңызды сөздерге қойып оқу,оқу барысында сөз бұзылмай,автор ойын дұрыс жеткізуге баса назар аудару керектігі айтылды,осы нұсқаулықпен жұмыс жүргізілуде.Жаңартылған білім мазмұнына орай оқу дағдыларына қойылатын талаптар біршама өзгергендігін түсіндірумен ,сағат жүктемелері бекітілген,күнделікті-тақырыптық жоспар тағайындалған

«Ұлттың ұлы ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай мектепте Тіл мерекесіне «Мақсатым – тіл ұстартып ,өнер шашпақ...» апталық болып өтті.Аудандық Тіл орталығының ұйымдастыруымен өткен «Тілім менің айбыным!» байқауында 10-сынып оқушысы Тастан Толқын ІІ орын иеленді.

«Дала жұлдызы – Ыбырай Алтынсарин» Ыбырай Алтынсариннің туғанына -175 жыл толуына орай мектепте тақырыптық кеш ұйымдастырылып оқушылар Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебін қалыптастыруда терең із қалдырған тұлға екендігін кең насихаттады.

Мектепішілік өткен «Абай ақын» сазды – әдеби кешінде 5-11-сыныптар арасынан Абай өлеңдерінен 100 өлең,45 қарасөзін жатқа оқыған оқушы мектеп директорының арнайы сыйлығына ие болды. «Абай-нәр мен тынысым» атты шығармашылық кезеңінен 10-сынып оқушысы Тастан Хасан өз шығармашылығын оқып, І орын алды,марапатталды.

5-11 –сыныптардан оқу сауаттылығын тексеру барысында қазақ тілі пәнінен диктант ,эссе жұмыстары алынды,қорытындысын шығардық. Жазба жұмыстарды тексере келе оқушылардың ой –өрісін,сауаттылығын,көркем жазу каллиграфиясы тексерілді

Аудандық әдістемелік нұсқаулық байқауында Жүнісова Дариға апай ІІ орын иеленді

Аудандық үздік авторлық бағдарлама байқауында Калауова Агира апай І орын алды.

Педагогикалық идеялар фестивалінен Абдразақова Лаура ІІІ орынды қанжығасына байлады.

Дарынды,үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау жоспарын түзіп әдістемелік бірлестікте қарап шықтық,оқу сауаттылығы,жазба сауаттылығына баса назарда болуына көңіл аудару пән мұғалімдеріне тапсырылды.

Аудандық мұғалімдер арасында эссе жазу байқауында « Өмірдің тәлімгері – ұстаз»тақырыбында эссе жазып Калауова Агира апай ІІ орын иеленді.

Мемлекеттік емтиханға,ББЖМ-не дайындық,жүргізілетін жұмыстың жоспарын құрылды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша І тоқсан қорытындысы орта балл-3,8%

Білім сапасы 79%

Мектепшілік пән олимпиадасына дайындық жұмыстарын жүргізді, материалдар дайындалды. Дарынды балаларды анықтау жұмысын жүргізіп, байқауларға, ақын-жазушылар оқуларына дайындық жұмысы түзілді. Дарынды балаларға қосымша сабақтар ұйымдастырылды. Мектепшілік пән олимпиадасынан аймақтық, аудандық пән олимпиадасына жолдама алған оқушыларымыз

8-сынып оқушысы Кәдір Аяна

9-сынып оқушысы Жұмабек Назерке

10-сынып оқушысы Тастан Толқын

11-сынып оқушысы Әділ Аружан

Елімізде оқушылар арасында батырлар жырын жатқа оқудан «Qazaq Epos» республикалық жобасының қолға алуына байланысты мектепте «Тұлпар мініп, ту алған» байқауы ұйымдастырылып, Марабай нұсқасынан «Едіге батыр «жырын жатқа оқыған 5-сынып оқушысы Тасан Нұрмахамбет аудандық кезеңге жолдама алды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен кітапханамен бірлесе отырып сыныптан тыс іс-шаралар 10.11.2021 — 27.11.2021. шеруі болып өтті. Іс-шарада сыныптаралық сайыстар, көркем бейнелеу, көріністер, кеш ұйымдастырылып, оқушылар еңбегі жоғары бағаланды.

Мектепшілік «Жыр алыбы Жамбыл» Жамбылдың 175 жылдығына орай 5-11-сыныптар арасында өткізілген әдеби-сазды кешінде 8 –сынып оқушысы Жамбылдың өлеңдерін жатқа айтып ақпан айында өтетін аудандық байқауға жолдама алды. 5-7- сыныптар арасынан көрмеге өз жұмысын алып келген 6-сынып оқушысы Жақатай Асылзат суреттеріне «Көрермен көзайымы» мақтау қағазымен марапатталды.

1-желтоқсан Елбасы күніне орай «Мәңгілік қазақтың перзенті» тақырыбында эссе байқауы болды. Байқауда эссе құрылымы, назар аударатын деталь, ескерілетін элементтер, жазба көлемінің ауқымы, ой үздігі, ойды дәйектеу, дәлелдеу шарттарын толық орындаған оқушыларымыз: 5-сынып оқушысы Тұрсынбай Жанель, 7-сынып оқушысы Тастан Нұртас, 10-сынып оқушысы Елшібаева Назерке, 11-сынып оқушысы Ордабек Жанна марапаттарға ие болды.

Сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті әдістеме бірлестігінің пән апталығы өткізілді. Пән апталығында бірлестіктегі барлық мұғалім ашық сабақ өтіп, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, білім сапасын, мұғалім өз шеберлігін көрсете білді. Тәжірибе алмасу, шеберлікті шыңдауда мұғалімдер ұжымда, басқа да әріптестермен тәжірибе алмасу, өз шеберлігін арттыруда тынбай еңбектеніп, коучинг – вебинар сабаққа еніп отыру қолға алынған.

Әдістеме бірлестіктің ұйымдастыруымен Тәуелсіздігімізге 30 жыл мерекесіне орай Алаш арыстарына тағзым «Біздің елдің жігіттері...» әдеби кешінде 9-11 – сынып оқушыларының орындауында Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты- ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқандығын насихаттап берді.

Қазақ әдебиеті бойынша

II тоқсан қорытындысы бойынша 5-11 сыныптарда 538 оқушы бар,

5-9 – сыныптарда 420 оқушы. орта балл – 3,9% біл.сапасы- 65%

10-11- сыныптарда 118 оқушы. орта балл- 3,9% біл.сапасы- 63,4%

Қазақ тілі бойынша

5-9 – сыныптарда 420 оқушы. Орта балл- 3,9 % біл.сапасы -70%

10-11-сыныптарда 118 оқушы. Орта балл – 3,9% біл.сапасы – 79%

Пән әдіс бірлестігінің жетекшісі:

Қалауова А.К.